

Қарабалық ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 183 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 маусымда № 5704 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 280 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 30.09.2015 № 280 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес схема бекітілсін.
2. Қоса беріліп отырған Қарабалық ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары б е к і т і л с і н .
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Исмағұлов*
Әкімдіктің 2015 жылғы
180 маусымдағы № 183 қаулысына қосымша

Схемасы

Шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы ауданның жергілікті атқарушы органымен қаулысы қабылдауы.

Ауыл және ауылдық округ әкімдері аппараттарымен қауіпсіз тасымалдау ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларын бекіту (маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің орындарын белгілейді, балалармен, ата-аналармен, мұғалімдермен өткізілген нұсқаулықтар, тасымалдаушы және көлік туралы мәліметтер, балалардың тізімі, тасымалдауға бюджеттен бөлінген қаржы туралы мәліметтер).

Ауыл және ауылдық округ әкімдері аппараттарымен заңнамада белгіленген тәртіппен балаларды тасымалдауға жауапты органды белгілеу.

Заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты органмен балалардың міну орындарынан және жалпы білім беретін мектептерге түсуін тасымалдауын жүзеге асыру.

Ә к і м д і к т і ң

2015 жылғы 18 маусымдағы

№ 68 қаулысымен бекітілген

Қарабалық ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қарабалық ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидасы) «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі – Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасы) сәйкес әзірленді.

2. Балаларды тасымалдау Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысымен бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасына сәйкес жүргізушілердің жұмысын,

балаларды тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы ұйымдастырады.

4. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Балалар тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына «Балаларды тасымалдау» деген тану белгісі 1.21. жол белгісінің рәмізін қара бояумен бедерлеп қызыл түсті жиекті сары түсті квадрат түрінде (жақтары кемінде екі жүз елу миллиметр, жиектің ені - жақтың 1/10) орнатылады.

2. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру

5. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың с а н ы н а н а с п а й д ы .

6. Балаларды тасымалдауға бөлінген автобустарда орындықтардың орналасуы жол жүрген кезде оларды алып жүретін ересектерге өздерінің орындарынан балалардың мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

7. Балаларды 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар басу, жаңбыр, тайғақ, сондай-ақ дауыл және басқа апат жағдайлары кезінде) жол берілмейді.

8. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын б е л г і л е й д і .

9. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші к е л і с е д і .

10. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

11. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы н ұ с қ а м а а л а д ы .

12. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өт і л і б а р ;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидасы) өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

13. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді :

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

14. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

15. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

16. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар ж а с а й д ы .

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Жол жүрісі қағидаларын басшылыққа алады. Автобустың аялдауы (тұрақтауы) кезінде балаларды отырғызу және түсіру орындары, мүмкіндігінше, қарқынды қозғалысы бар жол учаскелерінде орналаспауы тиіс. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда балаларды автобуска отырғызу және одан түсіру кезінде авариялық сигнал беру іске қосылады.

17. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын х а б а р л а й д ы .

18. Маршруттың соңғы пунктіне келгенде автобустар тұрақтау үшін бөлінген орындарға қойылады, ол жерден түсіру орнына бір-бірден келеді.

3. Қорытынды

19. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау қағидаларымен реттелмеген қатынастар реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК